№ 83051129-ГС31 мемлекеттік сатып алымның қорытындысы бойынша «PROF CONTACT» БИН 101240008283 қоғамдық бірлестігі жеңімпаз деп танылған. Алайда, аталған ұйым құжаттарды рәсімдеу барысында бірқатар кемшіліктерге жол берген.

Атап айтқанда, құжаттарды тапсыру кезінде көлік құралдары бойынша қажетті құжаттар ұсынылмаған. Қызмет ұсынушы, мүгедектерді қандай көлік түрімен тасымалдайтыны белгісіз, яғни ешқандай талаптарға сай келмейтін көлік құрылғысын ұсынуы мүмкін. Ол дегеніміз қызмет сапасының төмендеуіне және де бастысы мүгедектерді тасымалдау барысында қолайсыздықтар туындатуы мүмкін. Осыған сәйкес «PROF CONTACT» БИН 101240008283 құжаттарды толық салмағандықтан өтініші қаралынбау керек деп есептейміз.

Сонымен қатар, бірнеше жүргізушілердің көліктері енгізілгенімен, қорытынды балдарды есептеу барысында көрсеткіштер дұрыс есептелмеген. Өйткені талапқа сәйкес бір ғана жүргізуші және бір ғана диспетчер ескерілуі тиіс.

Бұдан бөлек, «Қайсар тұлға» мүгедектер қоғамдық бірлестігі БИН 220740037415 бойынша баллдары да дұрыс есептелмеген. Себебі құжат тапсыру барысында жүргізушілер мен техникаларға қатысты барлық құжаттар толық деңгейде мемлекеттік сатып алымдар порталына енгізілген. Соған сәйкес «**Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** еңбек өтілі мен біліктілігі»** бөлігіне «Қайсар тұлға» мүгедектер қоғамдық бірлестігіне балл қойылуын талап етеміз.

Осыған байланысты, көрсеткіштерді қайтадан дұрыс есептеп, қорытынды нәтижені қайта қарауды сұраймыз.

Қайсар тұлға МҚБ **Сатенов А.Ж.**